

Ай сайынғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Атырау қалалық әкімдігінің 2012 жылғы 3 шілдедегі № 1152 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 13 шілдеде № 4-1-167 тіркелді. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 47 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау қалалық әкімдігінің 2013.01.31 № 47 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына және Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 13 желтоқсандағы № 316 "2012-2014 жылдарға арналған қалалық бюджет туралы" шешіміне сәйкес қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Келесі санаттағы азаматтарға 3 158 (үш мың бір жүз елу сегіз) теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек көрсетілсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
- 2) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға, а т а п а й т қ а н д а :

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге, ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге;

- 3) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан әскери қызметшілердің қайталап некеге отырмаған зайыптарына (жұбайларына).

2. Әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып "Атырау қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

м е к е м е с і

б е л г і л е н с і н .

3. Қала әкімі аппаратының ақпараттық технологиялар және мемлекеттік қызмет көрсетуді бақылау бөлімі осы қаулының Атырау қалалық әкімдігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А. Қарабаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне еніп, алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Қала әкімі

А. Керімов